

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚИЯЛЫН ДАМУЫ

Ақжігітова Н.М.

А статье даются понятия пробуждения эстетических чувств в развитии фантазии учащихся начальных классов. Используются сведения из сказок казахского фольклора для развития фантазии детей. Сделан краткий обзор научных статей казахски и зарубежных ученых по проблемам воспитания и развития школьников.

This article is about conception of esthetic sense rousing in development of children's imagination in primary schools. To develop children's imagination information from fairy – tales of Kazakh folklore was used. A short survey of scientific articles of Kazakh and foreign on schoolchildren's upbringing was done.

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының қиялын дамытуда олардың эстетикалық сезімдерін ояту туралы түсініктер берілген. Бала қиялын дамытудағы қазақ фольклорындағы ертегілерден мәліметтер келтірілген. Қазақ және шетел ғалымдарының мектеп оқушыларын тәрбиелеу мен дамыту мәселелеріне қысқаша шолу жасалған.

Еліміздің «Білім туралы» Заңында көрсетілгендей, баланың жеке басын тәрбиелеуде педагогикалық, психологиялық дамудың жаңа бағыттарын пайдалану бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі болып отыр.

Сол себепті жас ұрпаққа білім мен тәрбие бере отырып мынадай міндеттер қойылды:

1. Ойын - бала қиялын дамыту
2. Бала қиялын сурет салу арқылы дамыту
3. Әдеби – шығармалар, әртүрлі саяхаттар арқылы дамыту
3. Ертегі мазмұнын терең түсіну
4. Ертегінің мазмұнын ерекше дағдыларды қалыптастыру шеберлегіне үйрету, т.б.

Осы міндеттердің ішінде қиялды дамыту дегенімізде ең алдымен әркім өзі қиялының аз немесе көп екенін, қай дәрежеде екенін білгені жөн. Мұны көптен бері шетелдерде жиі қолданылып келе жатқан «Сізде қиял бар ма?» деген тест арқылы анықтауға болады.

Мектеп жасына дейінгі баланың негізгі әрекеті болып табылатын ойын - бала қиялын дамытуда ерекше орын алады. Ойын үстінде оның творчестволық талабына кең жол ашылады. Бала ылғи да бір нәрсені жасау, құрастыруға әрекет жасайды. Ойын баланың ойлау белсенділігін, күш-қуатын барынша жұмсауға мүмкіндік туғызады. Ойын үстінде бала айналадағы шындықты сын көзімен қарап аңғара алмайды да, қиял бейнелерінің жетегінде кетеді. Бала психикасының осы жағы да қиял тәрбиесінде есте болатын жай.[4].

Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі М. Әуезов «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген, менің түсінігімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болады», - деп тегін айтпаса керек.

Мектеп - бала қиялын дамытуда үлкен рөл атқарады. Мұндағы оқылатын сабақтардың мәніне түсіну қиялсыз мүмкін емес. Мәселен, табиғатты

суреттейтін, немесе қандай да болсын оқиғаны баяндайтын бір материалды түсіндіргенде мұғалім арнаулы тәсілдер арқылы оқушылардың қиялын оятады. Қиял арқылы бала ондағы жанды бейнелерді көз алдына елестеткендей, қолымен ұстағандай, құлағымен «еститіндей» күйге түседі. Көркем әдебиет шығармаларын талдағанда, тарих сабақтарындағы әңгімелерде, оқушылардың түрлі ойындарында қиял процесі әр қырынан көрініп отырады.[1].

Бастауыш сынып оқушыларында алғашқы кезде қиялдың дамуы айтарлықтай болмайды. Мәселен, бірінші сыныптағылар суретке не оқығанға қарап, өз бетімен жаңадан бейне жасай алмайды. Өйткені осы жастағыларда синтездеу қабілеті жөнді дамымаған. Олар оқығанын кездейсоқ, біріне-бірі байланыспаған ассоциациялар арқылы жаңғыртып отырады. Баланың қайта жасау қиялын дамыту үшін алдымен олардың тәжірибесін қорландыра түскен дұрыс. Осы салада мұғалім істейтін ісі — ұшан-теңіз. Мәселен, мұғалім балаларды орманға экскурсияға апарған екен дейік. Онда оқушылар әрбір ағашты, өсімдік түрлерін көздерімен көріп, қолдарымен ұстайды, білмегендерін бірінен-бірі сұрап не мұғалімнен біліп алады. Ертеңіне мұғалім оқу сабағында балалардан көрмеген ормандарды (тайга, тундра, тропика т. б.) туралы айтып беріндер десе, бұл олардың қиялын тәрбиелеуге көп пайдасын тигізеді. Өмір тәжірибесінің артуы, білім қорының молая түсуі балалардың қиялын дамыта түседі. Мәселен, үшінші сыныптағылар сурет сабағында алдында тұрған заттардың бейнесін айнытпай сала алады, оны осындай басқа затпен салыстырып көреді. Бұл балада қайта жасау қиялының қалыптасып келе жатқандығын байқатады.[3].

Бала қиялы әрекет үстінде дамитындықтан не нәрсеге болмасын өзін қатыстырып, оның икемділігі мен дағдысын дамытып отыру қажет. Мәселен, сурет салудың, ән айтудың тәсілдері мен техникасын үйренбейінше, баланың осыған орай көрінетін қиялы да шарықтай алмайды.

Бастауыш сынып оқушыларының қиялын дамыту олардың эстетикалық сезімдерін оятады. Мәселен, көркем әдебиет кітаптарын оқу, музейлер мен галереяларға бару, кино көру, ұйымдасып музыка тындау, бала қиялын жаңа мазмұнға толтыра түседі. Шәкірт қиялын дамытуға үлкендер үнемі жетекшілік етуге тиіс. Мұғалім де, оқушының ата-анасы да бұл жерде тек ақылға ғана әсер етпей, эмоциясына әсер етерліктей әдістерді іздестіріп отырулары керек. Оқушылардың жас, дара ерекшеліктерін ескеріп отыру, қиялы күшті дамыған балалармен дербес жұмыс жүргізу, табиғатқа өндіріс орындарына экскурсиялар жасау, түрлі тапсырмаларды оқушыларға дербез орындатып отырғызу, оқу барысында кездескен қиыншылықтарды жеңе алуға баулу т.б. осындай әдістер бала қиялын тәрбиелеудің түрлері болып табылады.

Бала қиялының дамуына қазақтың фольклорындағы ертеден келе жатқан көне жанрлардың бірі – ертегілер. Ол ұрпақтан – ұрпаққа ауызша тараған мол мұра. Ертегіден халқымыздың ертеңге деген сенімі мен арман – тілегін, қиялын, даналығын, ғасырлық өмір тәжірибесін көреміз. Ертегінің қай түрін алсақ та, ол баланың ой – қиял ұшқырлығын күшейтеді, мінез – құлқын, ерік – жігерін қалыптастырады. Сондықтан да ертегіні оқытуда оның жанрлық ерекшелігін ескеріп, тәрбиелік мақсатына айырықша көңіл бөлгеніміз жөн.

Ертегі - әрі білім, әрі тәрбие құралы. Әр мазмұнды ертегімен танысу бала қиялын ұштап, еркін сөйлеуге үйретеді, шығармашылық жұмысқа дағдыландыруға септігін тигізеді.

Ертегі – халық шығармасы, халық мұрасы. Онда халықтың ертеңге деген сенімі мен үміт – арманы, бақыт туралы ойлары тоғысып жатады.

Ертегілерге үлкен мән беріп зерттеген М. Горький: «Ертегі деген нәрсе маған басқа бір өмірдің сәулесін ашқандай, сондай жақсы өмірді ойлаған, сол үшін қорықпай еркін күресетін бір күш барлығын көрсеткендей болды», - деген. Шынында да, ертегілер балалық шаққа арналған, ол – балалық шақтың айырылмас досы. [2].

Ертегілердің танымдық – талғылымдық рөлі К. Ушинский, А. Макаренко, В. Сухомлинский еңбектерінде ерекше көрініс тапқан. Аса көрнекті педагог В. Сухомлинский өзінің педагогикалық қызметінің өн бойында мектеп оқушыларын тәрбиелеу және дамыту мәселелерімен шұғылданады. Ол «Ертегілерсіз, творчествосыз, қиялсыз толық мәнінде тәрбие жүзеге аспайды» - деп санады.

Жалпы қазақ ертегілерінің ел арасынан жиналып, баспаға шығуы ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан басталады деуге болады. Бұл ретте Ш. Уәлиханов, Т. Потанин, В. Радлов, Э. Диваев, И. Березин, А. Алекторов және т.б. атауға болады.

Кейінгі кездегі қазақ ертегілерін зерттеуге М. Әуезов, М. Ғабдуллин, С. Садырбаев, С. Қасқабаяв және басқалардың қосқан үлесі елеулі болады. [2].

Қиялдың идеализм мен материализм болып екі жақты көзқарастарды анықтауды талап етеді. Идеалист психологтардың көзқарастарын анығырақ аңғарып, мәнісін түсіну үшін олардың қиял процесінің пайда болуын генетикалық тұрғыдан іздестіріп, оны санадан бұрын пайда болған деудің өзі материалистік ілімге ашықтан – ашық қарсы қойылғанын көрсетеміз.

Қиял алғашқы және ол балалар санасының бастапқы түріне жатады, соның нәтижесінде адам санасының өзге түрлері пайда болады дейтін көзқарас психанализ және бұл ілімді жасаушы З. Фрейд. Оның айтуынша баланың психикалық әрекетін реттеп отыратын екі түрлі принцип бар. Оның бірі – бала талабын қанағаттандырып, одан рахат табуы, екінші – шындық болмыс. Бала дамуының бастапқы кезінде алғашқы принцип негізгі және оның психикасындағы үстемдік етушілік талап. [4].

Баланың биологиялық мұқтаждығы мен еркін ересек адамдар үнемі қолдап, қолпаштап отырады. Ол әлі өзін – өзі тамақ, киім т.б. мұқтаждықтарымен қамтамасыз ете алмады. Баланың мұндай мұқтаждықтарын ересектер атқарады. Бала Фрейдтің сөзінше нақтылы болмыс пен дүниеден бейхабар, уайым – қайғысыз өмір сүретін жан. Мұндай жағдайда бала санасы негізінен өзінің жеке басының сенімі мен мұң – мұқтажын қанағаттандыруға бейімделіп, одан рахат табуға ғана бағытталған. Ол шындық болмыстың мәнін әлі дәл түсініп қабылдай алмайды. [3].

Бала психологиясының дамуындағы осындай ерекшеліктер Пиаже зерттеулерінде кеңінен қамтылып, баланың ойлауы мен қиялы шындыққа, болмысқа бағдарланғанын көрсетеді. Алайда баланың санасыз ойы мен ересек адамның мақсатты ойының арасында өтпелі кезең болады.

Балалар психологиясындағы қиялға байланысты маңызды мәселе – шындықты сезу заңы делінеді. Бұл заңның негізгі тірегі тікелей бақылау. Қиялдың дамуы мен әрекеті біздің сезімдік тануымыздың өрістеуімен тәуелді.

Қиялдың сиқыр күшінің өзі оның шындықпен, еңбекпен, мақсатпен тығыз ұштасуында. Оны тәрбиелеу де осыған бағытталған. Оны қиялдану немесе мұңданумен айырбастауға болмайды. Бұл ұғым өз мағынасында қалуға тиіс. Психология оқулықтарында қиялды дамытуға, тәрбиелеуге біраз көңіл бөлінсе де оны меңгеру жайында ештеңе айтылмаған. Мұндай маңызды мәселе арнайы зерттеуді керек етеді. Туысқан қырғыз халқының ұлы жазушысы Шыңғыс Айтматов: «Ақтық демі таусылғанша ой ойлап, қиял қанатында ұшатындығымен де адам биік, адам ұлы» деп терең философиялық ой қорытындылайды. Қиялы әлсіздің өзі де әлсіз. Ендеше бір мезгіл қиялдап, армандап, тұруды да ұмытпайық.[1].

Қорытынды

Қиялдың маңыздылығы оның шындықпен байланыстылығында. Шын мәнісіндегі қиял ғана мазмұнды, пәрменді де болып, адамды іс-әрекетке жетектейді, оның рухани өсуі үшін ерекше маңызды болады.

Әдебиеттер:

1. Мұқанов М.М. Ақыл-ой өрісі. Алматы, Қазақстан, 1980
2. Ертегілер арқылы жеткеншектерді еңбекке тәбелеу.// Бастауыш мектеп №5, 2004, 25 - бет
3. Выготский Л.С. Баланың жас ерекшеліктері және кемтар бала психологиясы туралы таңдамалы еңбектері. Алматы, 1999, - 69 бет
4. Жарықбаев Қ.Б. Психология. Алматы, «Рауан», 1993.